

ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ
«Басқару Колледжі» ЖШС мен «Жамбыл Жабаев атындағы № 4
мектеп-гимназиясы»

Астана қ.

«__» _____ 2025 ж.

«Басқару колледжі» ЖШС (бұдан әрі – «Колледж»), Жарғы негізінде әрекет ететін басшысы Джункабаева Замира Арапбаевна атынан, және «Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы» (бұдан әрі – «Мектеп»), жарғы негізінде әрекет ететін директоры Рамазанова Айгуль Есеновна атынан, Тараптар арасындағы өзара тиімді оқу және тәжірибелік ынтымақтастыққа, өзара сыйластық пен теңдік қағидаттарына негізделген қатынастарды дамыту мақсатында, ұзақ мерзімді әрі жемісті ынтымақтастық орнатуға өзара келісімін білдіре отырып, төмендегілер туралы осы Меморандумға қол қойылды.

1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ

Осы Меморандумның мәні негізінде дайындалған және бекітілген жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес құрылған кәсіптік ІТ сыныпта оқушыларды даярлау мәселелеріндегі өзара ынтымақтастық болып табылады.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Тараптардың тығыз кәсіби байланыстар орнатуға өзара ұмтылысын ескере отырып, ынтымақтастықты нығайту екі Тараптың да мүдделеріне сай екендігін және кәсіби білім мен дағдыларды жетілдіруге ықпал ететіндігін негізге ала отырып, кәсіби қызметті одан әрі дамыту қажеттілігін сезіне отырып, өзара қызығушылық танытатын, теориялық және практикалық маңызға ие бағыттарды дамыту үшін, Тараптар осы Ынтымақтастық туралы Меморандумды төмендегідей негізгі бағыттар бойынша жасасты:

- мектеп оқушыларын «Басқару колледжі» мамандығы 06120100 – «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» бойынша даярлауға бағытталған сабақтарды өткізу (дәрістер, шеберлік сабақтары, тренингтер, дөңгелек үстелдер мен жобалық жұмыстарды қорғау форматында);

- 3W06120101 – «Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы» біліктілігін меңгеруге практикалық көмек көрсету;

- колледж оқытушыларын кәсіби сынып оқушыларымен оқу сабақтарын өткізуге тарту (қонақ дәрістері, бинарлы және ағымдағы жоспарлы сабақтар, жұмыс оқу жоспарына сәйкес);

- Тараптар келіскен ынтымақтастықтың басқа да түрлері.

Осы Меморандумда көзделген нақты іс-шараларды іске асыру Тараптармен алдын ала келісіліп жүзеге асырылады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ

Осы Меморандум шеңберінде тараптар Конституция нормаларына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес басшылыққа алады және теңдік, ашықтық, парасаттылық және кәсіби этика қағидаттарында өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Тараптар туындайтын мәселелерді қарау және бірлескен іс-қимылдар жүргізу үшін Тараптар беретін уәкілетті өкілдер арқылы осы Меморандумның тармақтарын орындау мәселелері бойынша бір-бірімен өзара әрекеттер жасайды.

4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Тараптар бұл меморандумды бірлескен қызмет нәтижелері бойынша заңды және қаржылық міндеттемелерге әкеп соқпайтын туралы декларация ретінде қарайды.

Тараптар осы Меморандум шеңберіндегі ешқандай іс-әрекеттер олардың қандай да бір құқықтары мен өкілеттіктерін шектемеуге тиіс екендігіне негізделеді.

Осы Меморандумның ережелерін жүзеге асыру кезінде тараптар бір-біріне берілетін ақпараттың құпиялылығына кепілдік береді және тараптардың заңды мүдделерін сақтауға міндеттенеді.

Осы Меморандум оған екі тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және екі тарап оны өзара келісім бойынша немесе Тараптардың бірінің қалауы бойынша екінші Тарапты кемінде отыз күн бұрын алдын ала хабардар ете отырып, оны бұзған сәтке дейін қолданылады. Осы Меморандумды бұзу Колледж мен мектеп арасында жасалған шарттарды бұзуға әкеп соқпайды.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ

«Басқару колледжі» ЖШС: Астана қ., Орлыкөл көш.14/3, тел: 31-10-14.

Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы: Астана қ., Ш.Айманов көш, 4 үй, тел.: 50-14-74

«Басқару колледжі» ЖШС
Астана қ.Орлыкөл көш., 14/3
Тел./факс:8(7172) 31-10-14



З.А. Джункабаева

Жамбыл Жабаев ат. №4 мектеп-гимназиясы

Астана қ., Ш.Айманов көш, 4 үй
Тел./факс:8(7172) 50-14-74



А.Е. Рамазанова